

«КЕЛІСЕМІН»
Әйтеке би аудандық білім бөлімі ММ
басшысы: Б.Д.Сейтаханов



«БЕКІТЕМІН»
«С.Оразалин атындағы жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ директоры:



Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ
«С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2022 – 2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары

Бағыты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

2022-2023 оқу жылына арналған ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ ЖОСПАРЫ

ТҮСІНІК ХАТ

«С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылының оқу жұмыс жоспары 2022 жылғы 27 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімі негізінде бекітілді. Оқу процесі санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып, дәстүрлі форматта оқытылады.

«С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мектепалды даярлық сыныбында – 13 оқушы бар.

Оқыту тілі- қазақ . 5-күндік оқу жүйесімен оқытылады.

Мектеп алды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі басым бағыттары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде айқындалған.

Тәрбиелеу және оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Мектепалды даярлық сыныбы

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» ҚР Заңы 30-бап).

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

**«С.Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Мектепалды даярлық тобының 2022- 2023 оқу жылына арналған
жұмыстық оқу жоспары:**

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі - Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен 3-қосымша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы «09» қыркүйек
№ 394 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3-қосымша

Мектептің мектепалды даярлық сыныбына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

№	*Ұйымдастырылған іс-әрекет/балалар әрекеті	Аптасына өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Көркем әдебиет		
	Тілдік қарым-қатынас	күн сайын	
	Қазақ тілі		
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық, зерттеу әрекеттері	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық әрекет, бейнелеу	күн сайын	2 сағат
	Музыка		
	Музыка ****	күн сайын	
8		-	20 сағат